**"Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамының " Қазтелерадио" акционерлік қоғамының 7595 дана жай акцияларын сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен республикалық меншікке беру ұсынысын қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 21 қаулысы

«Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының « Қазтелерадио» акционерлік қоғамының 7595 дана қарапайым акцияларын сыйға тарту шарты бойынша республикалық меншікке беру туралы ұсынысын қабылдауға келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті іс-шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК